


Араластырғыш, кері салқындатқыш және газ жіберетін түтікпен жабдықталған 150 мл ұшауызды домалақ түпті колбаға 100 мл абс. этил спирті құяды. Техникалық таразыда 4,6 г (0,1 г-атм) металл натрийды өлшеп алып, гексан қабаты астында бюксте майдалайды. Одан әрі араластыра отырып, алдын ала сүзгі қағазбен кептірілген металл натрийды майда бөліктермен салып отырады (бұған ≈1,5 сағат қажет). Металл натрий этил спиртімен толық әрекеттескеннен кейін және реакциялық қоспаның температурасы бөлме температурасына жеткенде, оған 2 сағат бойы араластыра отырып, құрғақ көміртек диоксидін (~200 мл/мин) барботирлейді. Реакция аяқталған кезде бөлінген қатты өнімді Бюхнер воронкасында бөледі және 5 сағат бойы вакуум-пистолетте ~50°C (~20-30 мм сын.бағ.) кезінде кептіреді. Алынған натрийэтилкарбонатты одан әрі арнайы тазаламай-ақ пайдаланылады. Майда кристалды ақ түсті зат, 400°C дейін балқымайды.

Калийэтилкарбонатты синтездеу



Қажетті реактивтер мен ыдыстар:

- 1 ұшауызды домалақ түпті колба (150 мл)
- 1 кері салқындатқыш
- 1 газ жіберу үшін түтік
- 1 шыны араластырғыш
- 1 бюкс (50 мл)
- 1 пышақ
- 1 пинцет
- 1 Бюхнер воронкасы
- 1 Бунзен колбасы
- сүзгі қағазы
- гексан (25 мл)
- абс. этил спирті (100 мл)
- металл натрий (4,6 г)
- көміртегі диоксиді